

## БӨЛІМ: БАЯНДАМАЛАР

## Технология пәні бойынша оқушылардың қабілетін ашу арқылы кәсіптік бағдар беру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.06.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/57561/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Технология пәні бойынша оқушылардың қабілетін ашу арқылы кәсіптік бағдар беру

Кобланович

технология пәні  
мұғалімі,

мектебі.

Қоныстану селосы.

Балмуханов Нурболат

бейнелеу өнері және

Жаңашаруа қазақ орта

Атырау облысы,

Қызылқоға ауданы,

Жоспары

I. Кіріспе.

II. Негізгі бөлім

а) Оқушыларға технология пәні бойынша кәсіптік бағдар беру

ә) Оқушыларды технология пәні бойынша кәсіби бағытта оқыту

б) Оқушыларды қолөнерге баули отырып шеберлігін дамыту

### III. Қорытынды

#### Кіріспе

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті.

Елбасының халыққа жолдауында айтылғандай, дамыған елдер қатарына талпыну кезеңі барысында оқушылардың танымын ұлғайтып, жан – жақты іскер азамат етіп шығаруда технология пәнінің орны ерекше деуге болады. Қолөнер ұрпақ үшін бүгін де ертең де керек.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім саласындағы кез келген пән-қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Технология пәнінің басты мақсаты-оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өңдеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай-ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс-әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады.

Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді, интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық дамуын, өзіндік, кәсіптік айқындалуын, қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді.

Сәнді қолданбалы қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Орта мектептегі оқытудың негізгі міндеттері — білім беріп қана қою емес, білім мазмұны арқылы баланың өмірге, еңбекке, адамдарға, айналадағы ортаға, дұрыс қарым — қатынасын қалыптастыру. Оқыту мен тәрбие бір-бірімен байланысты процесс, бір нәрсенің екі жағы сияқты. Тәрбиелік сабақтың мазмұнын анықтай отырып, сабақ

барысында оқу және тәрбие міндеттерін шешеді.

Технология сабағында ұлттық тәрбие берудің міндеті жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі сәнді қолданбалы қолөнерді технология сабағында қолдана білу болып табылады.

### **Оқушыларға технология пәні бойынша кәсіптік бағдар беру**

Қазіргі кезде мектептер он екі жылдық білімге көшуге дайындыққа байланысты, оқушылардың кәсіби мамандық алуына жете көңіл бөлінуде. Жаһандану заманында өмір талабы, уақыт ағысы жастарды кәсіби мамандық алуына итермелейді. Ал жастардың мамандық таңдауына мақсатты мүддемен ықпал ететін негізгі пән – технология.

Технология – кәсіптік білім беру жүйесі. Технология пәнінен білім беруде оқушы бұрынғыдай оқу бағдарламасын игеруші, мұғалім балаға жеке пән бойынша білім беріп қана қоймайды, жеке мамандықты мегеретін жеке тұлғаны да қалыптастырушы. Білімнің негізгі және айқындаушы мәні сол тұлғаны дамыту болып табылады. Оны жүзеге асырудың негізгі жолдары: оқушылардың жеке қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімділігін айқындай отырып білім беру, сол негізде оқу бағдарламасын жетілдіру. Бағдарлы оқыту – оқушылардың орнықты мүддесі мен қабілет бейімділігі негізінде бағытталған білім жүйесі екені белгілі. Сондықтан жалпы білім берудің жоғарғы сатысында іс – әрекет тәсілдеріне оқу – кәсіби мамандыққа бағытталған білім беру үлкен мәнге ие.

Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға жеке тақырып пен бағыт – бағдар беріп отыру. Сонда ғана оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру технология пәні мұғалімдеріне өз қызметіне өте үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Кәсіптік бағдар беру барысында мұғалім әр оқушының алдында оның кемшілігіне шын мәнінде жауапты екенін сезіну қажет. Өз іс тәжірибемде оқушыларға кәсіптік бағдар беру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу және өзіндік кәсіптікті айқындау.

Менің 5 – 9 сыныптарға технология пәнінен сабақ бергендегі байқағаным, кез келген 5 сынып оқушысы бастауышта алған білім негізінде бір салаға ынта-ықыласы болады. Сол сала оған ұнайды. Мұғалім оқушының сол қызығушылығын анықтап, сол сала бойынша оқушыны бейімдеуі керек. Мұнда оқушылардың кәсіби айқындалуына мұғалімнің рөлі жоғары. Кәсіптік мәнін ашып, өмірге, қоғамға

қажеттілігін үнемі сабақта айтып, дәлелмен нақтылап түсіндірсе, әрине сол кәсіпке бейім оқушылардың бейімділігін дамытуға болады. Бейімділігін дұрыс анықтай алмай жүрген оқушылар қосымша қосылады.

### **Оқушыларды технология пәні бойынша кәсіби бағытта оқыту**

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру технология пәні мұғалімдерінің алдарына қоятын мақсаттар мен міндеттеріне өте жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Оқушыларға білім, білік және кәсіптік бағдар беру барысында мұғалім әр оқушының алдында оның келешегіне шын мәнінде жауапты екендігін сезіну қажет. Осы үлкен міндетті атқару үшін технология пәнінің мұғалімінің өзі білімді, мәдениетті, жаңашыл болуы қажет деп ойлаймын. Әрине, көптеген мектептерде бұрынғы ізбен «еңбек сабағы» деп көңіл бөлмеуі де мүмкін, бірақ өз пәнін жоғары бағалайтын мұғалім парызын ұмытпауы керек. Сол себептен әр сабағын жаңашылдандырып өткізуді мақсат етіп, күрделі дайындықпен сабақты өткізуге қалыптасқан жөн. Сабақтың сапасы – ол оқушының білімділігі, біліктілігі, мәдениеттілігі.

Бұл салада бірінші сәттілік:

— мұғалім проблемасын анықтап, алдына мақсат қояды;

Екіншісі — тақырыптық күнтізбелік бағдарламаны жан — жақты зерттеп, мектеп ерекшелігін ескере отырып, дұрыс құруы, мұғалімнің мақсатына жету жолының ашықтығы.

Оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыта отырып, кәсіби айқындалуын жетілдіру болашақ кәсібін қателеспей табуына көмек болады. Кәсіптік мектептерде, оқу – өндірістік комбинаттарында кәсіптік мамандық алуына жол ашады. Бұл жұмыстар жеткіншектердің кәсіптік бағдарды сезінуіне, еңбекті бағалауына, сүйіп атқаратын жұмысқа дағдылануға, жауапкершілікті сезінуге, мінез – құлық және қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке де баулу, үйрету аса қажет, жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын. Тұлғаның эстетикалық бейнесі өнер мен табиғатты қабылдауы және адамдар арасындағы қарым-қатынастағы қызметі арқылы көрінеді. Талантты және дарынды оқушылардың бойында даму және шығармашылық қабілеттер өнердің түрлі саласында өз ерекшелігіне қарай көрінеді.

Жеткіншек ұрпақты ұлттық сезім мен рухта тәрбиелеуде ұлттық ою-өрнектердің алатын

орны ерекше. Қазақ халқының қолөнерінің арнасы кең, түрі сан алуан. Халқымыздың өмір тіршілігінде ою-өрнек қатыспайтын саланы табу қиын. Өнердің басқа да түрлері секілді

қолданбалы қолөнері технология пәнінде ұлттық ою-өрнекті қастерлеуге жол ашады. Дәстүрлі қазақ өнерінің ерекшелігін айтқанда, қазақ өміріндегі ежелден дамыған ою-өрнек ерекше эстетикалық сезімді үнсіз айғақтайды. Өйткені талаптанған бала әрқашан өз мақсатына жетеді.

### **Оқушыларды қолөнерге баули отырып шеберлігін дамыту**

Қазіргі заманғы мектептің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушыларда білім мен шеберліктің қалыптасуы болып табылады. «Жас өспірімнің дербестігі педагогикалық мақсатқа бағытталса, жақсы нәтижелерге жеткізеді, жауапкершілік сезімін арттырады, шығармашылық бастаманы дамытады, оны белсенді етеді», — деп жазды

Н. Левитов. Көркемдік – қолданбалы жұмыстар барысында оқушылардың еңбек білімі мен шеберлігін қалыптастыру үрдісінің педагогикалық мақсаты болу үшін оқып, үйрету барысында олардың ақыл – ой қабілеттері мен іс – әрекеттер ерекшеліктерін ескеру керек.

Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты – мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігімен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт-дәстүрін, әдет – ғұрпын, тұрмыс – тіршіліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, жөн сілтеу, ата – бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау – баршамыздың парызымыз.

Егеменді қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана – сезімін, ұлттық психологиясын, оның сонау ерте замандағы ата – бабалар салт-дәстүрімен, мәдениетімен сабақтастыра отырып, халықтық қолөнерін сақтап қалуға тәрбиелеу – ұлтжанды ұлғатты ұстаздардың абыройлы ісі.

Келешек мектептер 12 жылдық оқу бағдарламасында да біздің қазақтың қолданбалы қолөнерінің оқушыларға беретін тәрбиелік мәні өте зор болмақ. Ұлттық тәрбие беру бесігіндегі оқушылардың ата – баба дәстүрін, мәдениетін, қолөнерін және азаматтық арнадағы асыл қасиеттерін еңбекке баули отырып, жан-жақты эстетикалық тәрбие беру, мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, рухани мұрасын

бағалай білуге тәрбиелеу мүмкіндіктері қарастырылады. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысының барысында, технология сабағында оқушыларға кәсіби технология пәнінің үйірме жұмыстарында халқымыздың ұлттық қолөнерін халқымыздың салт-дәстүрімен, әдет – ғұрпымен таныстыра отырып, оқушының іскерлігін, дағдысын, еңбекке деген ынтасын қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қою — біздің міндетіміз. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ мектебінің қайта түлеуі қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу – қазіргі білім беруде көзделіп отырған мәселе. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың жұмыс істеу әдет – дағдыларын көркем шығармашылық іскерлікпен жалғастырып дамыту мәселесі қарастырылады. Оқушыларды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады.

Өнер мен білім беру ісін бір — бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол іждағат, мейірімділікпен қоса, кәсіби дарын ізденімпаздық, іскерлік керек екендігін баса айтуымыз керек.

Мектепте технология сабағын халықтық педагогикамен ұштастырудың маңызы зор. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін, еңбек ету талабын адамның бойында тәрбиелеудің зор маңызы бар. Бұл міндет – адам өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, оның бейімділігімен мүддесіне сай келетін және адамгершілік қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты.

Технология сабағы – мектеп оқушыларын рухани байытып, дүниетанымын қалыптастыратын пәндердің бірі. Технология пәнінде ұлттық қолөнерді, тәрбиені үйрету арқылы мынадай дағдыларды немесе іскерлікті қалыптастырамыз:

еңбекқорлыққа;

ұлтжандылыққа;

рухани мәдениетке;

іскерлікке;

шыдамдылыққа;

ізденімпаздылыққа.

Халық қолөнерінің бай мұраларын жинап, сұрыптай отырып, заманымызға сай лайықты сапа, түр беру әдісімен оларды ілгері дамыта беруіміз керек.

Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасқан өміршең өнер. Қолөнер өзіне тән әлемі, қоршаған ортасы, өзіндік күші бар, ол ешқандай өтпелі құндылықтарға бағынбайды. Өзіне деген тыныштық пен сенім бізге белгілі бір дағдылар мен икемдерге жеткізеді.

Қорыта айтқанда осы ғылыми жұмысты істеу барысында мен ұлттық педагогиканың насихаттауда қай пәннің болса да ыңғайы мен мүмкіндіктері мол. Соның ішінде технология сабағында халқымыздың қолөнеріне үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрде тәрбие берудің артықшылығы көп. Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулу мен қатар ата-бабамыздан қалған салт – дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заман талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек, қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы іскерлікпен шығармашылыққа кіріседі. Оқыту үрдісінің ғылыми негізі мұғалімнің өз жұмысын жоспарлай білгеніне байланысты, сонымен бірге ол оқушының іс-әрекетін де ұйымдастыра білуінде. Оқыту бағдарламасының логикалық жүйелілігін сақтау, ең алдымен, күнтізбелік тақырыптық жоспарды дұрыс ұйымдастыра білуде.

«Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға», — деп қазақ халқының ұлы, кемеңгер, данышпан ақыны Абай айтқандай, зерек те, іскер бес саусағынан өнер таматын шәкірттерді оқытуға, үйретуге біз, ұстаздар, әрқашанда дайынбыз. Бабаларымыздан жеткен асыл мұраны шаң басқан жерінен сілкіп, тот басқан бетін ашып, кейінгі ұрпаққа жеткізетін кез жетті деп ойлаймыз.

Ұстаздық – ұлы ұғым, сондықтан ұлттық мектептің ұлы мұратын ұмытпай, бойымыздағы білімімізді, ұрпақтан ұрпаққа жалғастыру міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

С. Нұрпейісов «Қазақ халқының ою-өрнегі»

Журнал «Мектептегі технология» № 6, 2006 жыл

С.Қ. Қасиманов «Ою-өрнек кешені»

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.